

Үкіметтік заемдарды, жергілікті атқарушы органдардың заемдарын және мемлекеттік кепілдіктері бар мемлекеттік емес заемдарды өтеу және оларға қызмет көрсету ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 23 қаңтар N 88. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 ақпандағы N 110 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.02.2005 N 110 қаулысымен.

"Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 тамыздағы Z990464_ Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Үкіметтік заемдарды, жергілікті атқарушы органдардың заемдарын және мемлекеттік кепілдіктері бар мемлекеттік емес заемдарды өтеу және оларға қызмет көрсету ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (келісім бойынша) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қатысуымен бір ай мерзімде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің заемдарын өтеу және оларға қызмет көрсету ережесін *әзірлеу* ұсынылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 23 қаңтардағы
N 88 қаулысымен

бекітілген

Үкіметтік заемдарды, жергілікті атқарушы органдардың заемдарын және мемлекеттік кепілдіктері бар мемлекеттік емес заемдарды өтеу және оларға қызмет көрсету ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 тамыздағы Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Үкіметінің заемдарын (бұдан әрі -

үкіметтік заемдар), Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдарының заемдарын (бұдан әрі - жергілікті атқарушы органдардың заемдары) және мемлекеттік кепілдіктері бар мемлекеттік емес заемдарды (бұдан әрі - мемлекет кепілдік берген заемдар) жоспарлаудың, республикалық және жергілікті бюджеттерден өтеуді және оларға қызмет көрсетуді жүзеге асырудың тәртібін б е л г і л е й д і .

2. Үкіметтік заемдарды, жергілікті атқарушы органдардың заемдарын жоспарлау, өтеуді және оларға қызмет көрсетуді жүзеге асыру рәсімдері заем не мемлекеттік эмиссияланған бағалы қағаздар эмиссиясы туралы келісімдер (шарттар) жасасу нысанында қарыз капиталының ішкі және сыртқы рыноктарында қарыз алу жолымен тартылған заемдар үшін бірыңғай.

2. Үкіметтік заемдарды өтеу және оларға қызмет көрсету жөніндегі төлемдерді жоспарлау

3. Үкіметтік заемдарды алдағы өтеудің және оларға қызмет көрсетудің көлемін жоспарлауды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі - Қаржы министрлігі) үкіметтік заемдарды өтеудің және оларға қызмет көрсетудің алдағы көлемінің болжамды есептеулері негізінде тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің жобасын әзірлеу шеңберінде жыл с а й ы н жү р г і з е д і .

4. Жүргізілетін есептеулер есеп айырысу алдындағы тоқсанның аяғындағы жағдай бойынша үкіметтік борыш мониторингінің деректеріне, қолданылып жүрген, ағымдағы және жоспарлы жылы тарту ұйғарылатын үкіметтік заемдардың қаражатын игеру болжамына, макроэкономикалық көрсеткіштердің б о л ж а м д а р ы н а негізделеді.

5. Қолданылып жүрген, ағымдағы және жоспарлы жылы тарту ұйғарылатын үкіметтік заемдардың қаражатын игеру болжамын үкіметтік заемдардың қаражаты есебінен қаржыландырылатын инвестициялық жобаларды іске асыру кестелерін, сондай-ақ жоспарлы жылы республикалық бюджеттің тапшылығын қаржыландыру көлемінің болжамын ескере отырып, Қаржы министрлігі а н ы қ т а й д ы .

6. Жоспарлы жылғы республикалық бюджет тапшылығының көлемі, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер, ұлттық валютаның бағамы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы индикативтік жоспарының өлшемдерімен а н ы қ т а л а д ы .

7. Жоспарлы жылы үкіметтік заемдарды өтеу және оларға қызмет көрсету көлемдерінің есептеулерін Қаржы министрлігі былайша жүргізеді:

1) әрбір қолданылып жүрген үкіметтік заем бойынша заемның игерілмеген қаражатын игеру көлемін жылдар бойынша болжамды бөлу жүргізіледі;

2) заем, мемлекеттік эмиссияланған бағалы қағаздар эмиссиясы туралы келісімнің (шарттың) ережелері негізінде үкіметтік заем бойынша борышты өтеу мерзімдері мен көлемдері анықталады;

3) үкіметтік заем бойынша борыш сомасының өзгеру серпінін есептеу жүргізіледі;

4) заем, мемлекеттік эмиссияланған бағалы қағаздар эмиссиясы туралы келісімнің (шарттың) негізінде сыйақы (мүдде) төлемдерінің, комиссиялық және өзге де төлемдер мерзімдері мен көлемдерінің есебі жүргізіледі. Егер заем туралы келісімде (шартта) өзгеше белгіленбесе, осы тармақтың 1)-4) тармақшаларында көрсетілген есептеулер заем беру валютасымен жүзеге асырылады;

5) шетелдік валютада тартылған үкіметтік заемдарды өтеудің және оларға қызмет көрсетудің көлемдері теңгелік баламада қайта есептеледі. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі есеп айырысу алдындағы тоқсанның соңында белгілеген шетелдік валюталардың теңгеге бағамы және жоспарлы жылға арналған АҚШ долларының теңгеге болжамды орташа жылдық бағамы пайдаланылады.

6) тарту ұйғарылып отырған үкіметтік заемдардың қаражатын игеру көлемдерінің болжамы негізінде, заемдарды ұсыну мен сыйақы (мүдде) ставкаларының орташа шарттары пайдаланыла отырып, тарту ұйғарылып отырған үкіметтік заемдарды өтеу және оларға қызмет көрсету мерзімдері мен көлемдерін есептеу жүргізіледі.

8. Үкіметтік заемдарды өтеудің және оларға қызмет көрсетудің мерзімдері мен көлемдерін есептеу негізінде Қаржы министрлігі жоспарлы жылы үкіметтік заемдарды өтеудің және оларға қызмет көрсетудің жалпы көлемін анықтайды.

9. Жоспарлы жылы үкіметтік заемдарға қызмет көрсетудің жалпы көлемі тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында жеке бюджеттік бағдарлама бойынша көрсетіледі. Үкіметтік заемдарды өтеудің жалпы көлемі республикалық бюджетте "Бюджет тапшылығын (профицитін пайдалануды) қаржыландыру" бөлімі бойынша көрсетіледі.

3. Мемлекет кепілдік берген заемдарды өтеу және оларға қызмет көрсету жөніндегі төлемдерді жоспарлау

10. Мемлекет кепілдік берген заемдарды республикалық бюджеттен алдағы өтеудің және оларға қызмет көрсетудің көлемін жоспарлауды Қаржы министрлігі

мемлекет кепілдік берген заемдарды республикалық бюджеттен алдағы өтеудің және оларға қызмет көрсетудің көлемін болжамды есептеудің негізінде тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің жобасын әзірлеу шеңберінде жыл сайын жүргізеді.

11. Жүргізілетін есептеулер есеп айырысу алдындағы тоқсанның аяғындағы жағдай бойынша мемлекет кепілдік берген борыш мониторингінің деректеріне, қолданылып жүрген мемлекет кепілдік берген заемдардың қаражатын игеру болжамына, мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындаудың мүмкіндігін бағалауға негізделеді.

12. Жоспарлы жылы мемлекет кепілдік берген заемдарды республикалық бюджеттен өтеудің және оларға қызмет көрсетудің көлемін есептеуді Қаржы министрлігі былайша жүргізеді:

1) мемлекет кепілдік берген заемдарға қызмет көрсетуге уәкілеттік берілген екінші деңгейдегі банктердің ақпараты негізінде, әрбір қолданылып жүрген мемлекет кепілдік берген заем бойынша заемның қаражатын игеру көлемін жылдар бойынша болжамды бөлу жүргізіледі;

2) заем туралы келісімнің (шарттың) ережелері негізінде мемлекет кепілдік берген заем бойынша борышты өтеу мерзімдері мен көлемдері анықталады;

3) мемлекет кепілдік берген заем бойынша борыш сомасының өзгеру серпінін есептеу жүргізіледі;

4) заем туралы келісімнің (шарттың) ережелері негізінде сыйақы (мүдде) төлемдерінің, комиссиялық және өзге де төлемдер мерзімдері мен көлемдерін есептеу жүргізіледі. Егер заем туралы келісімде (шартта) өзгеше белгіленбесе, осы тармақтың 1)-4) тармақшаларында көрсетілген есептеулер заем беру валютасымен жүзеге асырылады;

5) шетелдік валютада тартылған мемлекет кепілдік берген заемдарды өтеудің және оларға қызмет көрсетудің көлемдері теңгелік баламада қайта есептеледі. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі есеп айырысу алдындағы тоқсанның соңында белгілеген шетелдік валюталардың теңгеге бағамы және жоспарлы жылға арналған АҚШ долларының теңгеге болжамды орташа жылдық бағамы пайдаланылады.

13. Алынған мерзімдер мен көлемдердің, мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау мүмкіндігін бағалаудың негізінде Қаржы министрлігі жоспарлы жылы республикалық бюджеттен мемлекет кепілдік берген заемдарды өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығыстардың жылдық көлемін анықтайды.

14. Жоспарлы жылы мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындауға арналған республикалық бюджет шығыстарының жылдық көлемі

тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында жеке бюджеттік бағдарламада көрсетіледі.

4. Жергілікті атқарушы органдардың заемдарын өтеу және оларға қызмет көрсету жөніндегі төлемдерді жоспарлау

15. Жергілікті атқарушы органдардың заемдарын алдағы өтеудің және оларға қызмет көрсетудің көлемін жоспарлауды жергілікті атқарушы органдардың заемдарын өтеудің және оларға қызмет көрсетудің алдағы көлемінің болжамды есептеулері негізінде тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу шеңберінде жыл сайын жергілікті атқарушы органдар жүргізеді.

16. Жүргізілетін есептеулер есеп айырысу алдындағы тоқсанның аяғындағы жағдай бойынша жергілікті атқарушы органдардың борыш мониторингінің деректеріне, қолданылып жүрген ағымдағы және жоспарлы жылы тарту ұйғарылатын жергілікті атқарушы органдардың заем қаражатын игеру болжамына, жергілікті бюджеттің болжамды көрсеткіштеріне негізделеді.

17. Алдағы қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттің болжамды көрсеткіштері жергілікті өкілді органдар бекітетін аумақты дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларының өлшемдерімен анықталады. Жоспарлы жылы ұлттық валютаның бағамы Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдаған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы индикативтік жоспарының өлшемдерін ескере отырып, анықталады.

18. Жоспарлы жылы жергілікті атқарушы органдардың заемдарын өтеу және оларға қызмет көрсету көлемдерін есептеу былайша жүргізіледі:

1) жергілікті атқарушы органның әрбір қолданылып жүрген заемы бойынша заемның игерілмеген қаражатын игеру көлемін жылдар бойынша болжамды бөлу жүргізіледі;

2) заем, мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар эмиссиясы туралы келісімнің (шарттың) ережелері негізінде жергілікті атқарушы органның заемы бойынша борышты өтеу мерзімдері мен көлемдері анықталады;

3) жергілікті атқарушы органның заемы бойынша борыш сомасының өзгеру серпінін есептеу жүргізіледі;

4) заем, мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар эмиссиясы туралы келісімнің (шарттың) ережелері негізінде сыйақы (мүдде) төлемдерінің, комиссиялық және өзге де төлемдер мерзімдері мен көлемдерін есептеу жүргізіледі. Егер заем туралы келісімде (шартта) өзгеше белгіленбесе, осы тармақтың 1)-4) тармақшаларында көрсетілген есептеулер заем беру валютасымен жүзеге асырылады;

5) шетелдік валютада тартылған жергілікті атқарушы органдардың заемдарын өтеудің және оларға қызмет көрсетудің көлемдері теңгелік баламада қайта есептеледі. Бұл ретте Ұлттық Банктің есеп айырысу алдындағы тоқсанның соңында белгілеген шетелдік валюталардың теңгеге бағамы және жоспарлы жылға арналған АҚШ долларының теңгеге болжамды орташа жылдық бағамы п а й д а л а н ы л а д ы .

6) тарту ұйғарылып отырған жергілікті атқарушы органдардың заем қаражатын игеру көлемдерінің болжамы негізінде заемдар берудің орташа шарттары мен сыйақы (мүдде) ставкаларын пайдалана отырып, тарту ұйғарылып отырған жергілікті атқарушы органдардың заемдарын өтеу және оларға қызмет көрсету мерзімдері мен көлемдерін есептеу жүргізіледі.

19. Жергілікті атқарушы органдардың заемдарын өтеудің және оларға қызмет көрсетудің мерзімдері мен көлемдері негізінде жоспарлы жылы жергілікті атқарушы органдардың заемдарын өтеудің және оларға қызмет көрсетудің жалпы к ө л е м і а н ы қ т а л а д ы .

20. Жоспарлы жылы жергілікті атқарушы органдардың заемдарына қызмет көрсетудің жалпы көлемі тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттерде жеке бюджеттік бағдарламада көрсетіледі. Жергілікті атқарушы органдардың заемдарын өтеудің жалпы көлемі жергілікті бюджеттерде "Бюджет тапшылығын (профицитін пайдалануды) қаржыландыру" бөлімінде көрсетіледі.

5. Үкіметтік заемдарды өтеудің және оларға қызмет көрсетудің тәртібі

21. Үкіметтік сыртқы заемдарды өтеуді және оларға қызмет көрсетуді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы тиісті қаржы жылына арналған "Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген қаражаттың есебінен Қаржы министрлігі жүзеге асырады.

22. Қаржы министрлігі ағымдағы айдың 25-күніне дейін, ай сайын қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша, алдағы айға арналған үкіметтік заемдарды және мемлекет кепілдік берген Қазақстан Республикасының борышын өтеуге әрі оларға қызмет көрсетуге арналған өтінімді (бұдан әрі - өтінім) жасайды, оған сәйкес белгіленген тәртіппен республикалық бюджеттің ақшасын осы жұмсауға қазынашылық рұқсаттар ашылады. Өтінім үкіметтік заемдарды өтеудің және оларға қызмет көрсетудің нақтыланған мерзімдері мен көлемдерін ескере отырып жасалады және төлемнің түрін, төлемнің валютасын, төлемді алушыларды-несие берушілерді көрсете отырып, күндері бойынша әрбір заем жөніндегі төлемдердің б о л ж а м ы н қ а м т и д ы .

23. Қаржы министрлігі тиісті айда үкіметтік заемдарды өтеу және оларға қызмет көрсету жөніндегі алдағы төлемдер көлемінің республикалық бюджеттің

кірістері мен шығыстарының айлар бойынша тізімдемесіне сәйкестігін тексереді және тізімдемеде бекітілген көлемге сәйкес келмеген жағдайда, республикалық бюджеттің кірістері мен шығыстарының айлар бойынша тізімдемесіне тиісті өзгерістер енгізеді.

24. Үкіметтік заемдарды өтеу және оларға қызмет көрсету жөніндегі төлемдерді дайындауды және жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында Қаржы министрлігі несие берушілерден ақы төлеуге шоттардың, төлем ведомостарының және төлемдерді жүргізу үшін қажетті басқа да құжаттардың уақытылы түсуін ұйымдастыру жөніндегі жұмысты жүргізеді.

25. Қаржы министрлігі несие берушілер ұсынған шоттар мен төлем ведомостарында көрсетілген төлем күнінің, сомасының, түрінің, валюталарының, төлемді алушылардың заем туралы келісімдердің (шарттардың) ережелеріне, мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар эмиссиясының нәтижесіне сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады.

26. Төлеуге ұсынылған шоттар мен төлем ведомостарында көрсетілген төлемнің күні, сомасы, түрі, валюталары, төлемді алушылардың заем туралы келісімдердің (шарттардың) ережелеріне, мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар эмиссиясының нәтижесіне сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда, Қаржы министрлігі несие берушілермен өзара іс-қимылда несие берушілер ақы төлеуге ұсынған шоттар мен төлем тізімдемелерін нақтылау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады.

27. Заем туралы келісімдерде (шарттарда) және мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар эмиссиясының ережелерінде үкіметтік заемдарды өтеу және оларға қызмет көрсету бойынша анықталған төлем мерзімінде Қаржы министрлігі заемдар туралы келісімдердің (шарттардың) ережелеріне, мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясының нәтижесіне сәйкес үкіметтік заемның сәйкестендіру нөмірі, бенефициары, төлем деректемелері, төлемнің түрі, сомасы, валютасы, күні көрсетілетін төлем құжаттарын ресімдейді және Ұлттық Банкке жібереді.

28. Ұсынылған төлем құжаттарының негізінде Ұлттық Банк Қаржы министрлігінің банктік шотынан талап етілетін көлемде және валютада несие берушілердің банктік шоттарына ақша аударуды жүргізеді және Қаржы министрлігіне төлем жүргізу фактісі туралы жазбаша хабарлама тапсырады.

29. Үкіметтік заемдарды өтеу және оларға қызмет көрсету жөніндегі операцияларды Қаржы министрлігі тиісті жылға арналған республикалық бюджетте теңгемен көрсетеді. Бұл ретте, үкіметтік заемдарды өтеу және оларға қызмет көрсету жөніндегі төлемдерді шетелдік валютада жүзеге асырылған жағдайда, көрсету осы операцияларды жүзеге асыруға қажетті валюталарды сатып алу күніне Ұлттық Банктің ресми бағамы бойынша теңгемен жүргізіледі.

6. Мемлекет кепілдік берген заемдарды өтеудің және оларға қызмет көрсетудің тәртібі

30. Мемлекет кепілдік берген заемдарды республикалық бюджеттен өтеу және оларға қызмет көрсету Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы болған кезде жүзеге асырылады.

31. Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енгеннен кейін Қаржы министрлігі тиісті қаржы жылының 1 наурызына дейін мемлекеттік кепілдіктері бар мемлекеттік емес заемдар бойынша заемшылардың тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасын белгіленген тәртіппен әзірлейді және енгізеді. Мемлекет кепілдік берген заемдар бойынша көрсетілген тізбеге енген заемшылар үшін өтеуді және қызмет көрсетуді Қаржы министрлігі тиісті қаржы жылының ішінде заем туралы шартта (келісімде) белгіленген мерзімде және көлемде несие берушілердің шоттары негізінде республикалық бюджеттен жүзеге асырады.

32. Мемлекет кепілдік берген заемдар бойынша көрсетілген тізбеге енген заемшылар үшін республикалық бюджеттен төлемдер туралы шешім мынадай тәртіппен қабылданады:

1) мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарға қызмет көрсетуге уәкілеттік берілген екінші деңгейдегі банк Қаржы министрлігіне осындай төлемдер басталған күнге дейінгі 30 күннен кешіктірмей мемлекет кепілдік берген заемдар бойынша республикалық бюджеттен кезекті төлемдерді жүргізудің қажеттілігі туралы қорытындыны ұсынады;

2) ұсынылған қорытындылардың негізінде 15 күн ішінде Қаржы министрлігі мемлекет кепілдік берген заемдар бойынша көрсетілген заемшылар үшін төлемдерді республикалық бюджеттен төлеуді жүргізуді көздейтін Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасын белгіленген тәртіппен әзірлейді және қарауға енгізеді;

3) Қаржы министрлігі, мемлекет кепілдік берген заемдарға қызмет көрсетуге уәкілеттік берілген екінші деңгейдегі банк, мемлекет кепілдік берген заемдар бойынша заемшылар арасында республикалық бюджеттен оқшауландырылған ақшаны қайтарудың шарттары, мерзімі, тәртібі анықталатын (нақтыланатын) тиісті, оның ішінде бұрын ресімделгендеріне қосымша келісімдер жасалады.

33. Қаржы министрлігі ағымдағы айдың 25-күніне дейін ай сайын қосымшаға сәйкес алдағы айға арналған мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау жөніндегі төлемдерге өтінім жасайды, оған сәйкес белгіленген тәртіппен республикалық бюджеттің ақшасын осы жұмсауға арналған қазынашылық рұқсаттар ашылады. Өтінім мемлекет кепілдік берген заемдарды

өтеудің және оларға қызмет көрсетудің нақтыланған мерзімдері мен көлемдерін ескере отырып жасалады және төлемнің түрін, төлемнің валютасын, төлемді алушыларды-несие берушілерді көрсете отырып, күндері бойынша әрбір заем жөніндегі төлемдердің болжамын қамтиды.

34. Қаржы министрлігі тиісті айда мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау жөніндегі алдағы төлемдер көлемінің республикалық бюджеттің кірістері мен шығыстарының айлар бойынша тізімдемесіне сәйкестігін тексереді және тізімдемеде бекітілген көлемге сәйкес келмеген жағдайда, республикалық бюджеттің кірістері мен шығыстарының айлар бойынша тізімдемесіне тиісті өзгерістер енгізеді.

35. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы болған кезде, ақы төлеуге несие берушілер (заем берушілер) ұсынған және Қаржы министрлігі тексерген шоттардың негізінде, Қаржы министрлігі заемдар туралы келісімдердің (шарттардың) ережелеріне сәйкес мемлекет кепілдік берген заемның сәйкестендіру нөмірі, бенефициары, төлем деректемелері, төлемнің түрі, сомасы, валютасы, күні көрсетілетін төлем құжаттарын ресімдейді және Ұлттық Банкке ж і б е р е д і .

36. Ұсынылған төлем құжаттарының негізінде, Ұлттық Банк Қаржы министрлігінің банктік шотынан талап етілетін көлемде және валюталарда несие берушілердің банктік шоттарына ақша аударуды жүргізеді және Қаржы министрлігіне төлем жүргізу фактісі туралы жазбаша хабарлама тапсырады.

37. Мемлекет кепілдік берген заемдарды өтеу және оларға қызмет көрсету жөніндегі операцияларды Қаржы министрлігі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте теңгемен көрсетеді. Бұл ретте, мемлекет кепілдік берген заемдарды өтеу және оларға қызмет көрсету жөніндегі төлемдер шетелдік валютада жүзеге асырылған жағдайда, көрсету операцияларды жүзеге асыруға қажетті валюталарды сатып алу күніне Ұлттық Банктің ресми бағамы бойынша т е ң г е м е н жү р г і з і л е д і .

38. Мемлекет кепілдік берген заемдар бойынша заемшылар республикалық бюджеттен оқшауландырылған ақшаны қайтару туралы жасалған келісімдерді орындамаған жағдайда, Қаржы министрлігі республикалық бюджеттен оқшауландырылған ақшаны Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өндіріп алу жөнінде талап қою-қуыну жұмысын жүргізеді.

7. Жергілікті атқарушы органдардың заемдарын өтеу және оларға қызмет көрсету тәртібі

39. Жергілікті атқарушы органдардың заемдарын өтеу және оларға қызмет көрсетуді екінші деңгейдегі банк, Ұлттық Банкпен келісім бойынша жергілікті

атқарушы органдар тартқан тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттерде көзделген қаражаттың есебінен жүзеге асырады.

40. Жергілікті атқарушы органдардың заемдарын өтеу және оларға қызмет көрсету жөніндегі төлемдерді белгіленген мерзімде және қажетті көлемдерде дайындауды және жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында жергілікті атқарушы органдар несие берушілердің шоттарының, төлем ведомостарының және төлемдерді жүргізу үшін қажетті басқа құжаттардың уақытылы түсуін ұйымдастыру жөніндегі жұмыстарды жүргізеді.

41. Жергілікті атқарушы органдар төлеуге ұсынылған шоттар мен төлем ведомостарында көрсетілген төлемнің күні, сомасы, түрі, валюталары, төлемді алушылардың заем туралы келісімдердің (шарттардың) ережелеріне, мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар эмиссиясының нәтижесіне сәйкестігін бақылауды жүзеге асырады.

42. Жергілікті атқарушы органдар төлеуге ұсынылған шоттар мен төлем ведомостарында көрсетілген төлемнің күні, сомасы, түрі, валюталары, төлемді алушылардың заем туралы келісімдердің (шарттардың) ережелеріне, мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар эмиссиясының нәтижесіне сәйкес келмейтін анықталған жағдайда, жергілікті атқарушы органдар несие берушілермен өзара іс-қимыл жасап, ұсынылған шоттар мен төлем ведомостарын нақтылау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады.

43. Заем туралы келісімдерде (шарттарда) және мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар эмиссиясының ережелерінде анықталған төлем мерзімінде жергілікті атқарушы органдар талап етілетін көлемде және валюталарда жергілікті атқарушы органның заемдарына қызмет көрсету үшін Ұлттық Банкпен келісім бойынша екінші деңгейдегі банк арқылы несие берушілердің шоттарына ақша аударуды қамтамасыз етеді.

44. Осы операцияларды жергілікті атқарушы органдар жергілікті бюджеттердің кассалық атқарылуында теңгемен көрсетеді. Бұл ретте, төлемдер шетелдік валютада жүзеге асырылған жағдайда, көрсету операцияларды жүзеге асыруға қажетті валюталарды сатып алу күніне Ұлттық Банктің ресми бағамы бойынша теңгемен жүргізіледі.

45. Жергілікті атқарушы органдар жергілікті атқарушы органдардың борыш мониторингін жүзеге асыру шеңберінде жергілікті атқарушы органдардың заемдарын өтеу және оларға қызмет көрсету жөнінде жүргізілген төлемдерді есепке алуды жүргізеді.

Қосымша

" Б е к і т е м і н "
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

200_ж " _ " _____

Республикалық бюджеттік қаражатынан Қазақстан Республикасының үкіметтік және мемлекет кепілдік берген борышына қызмет көрсетуге, өтеуге арналған өтінім Дамудың ресми көмек заемдары, жеке несиелер және ішкі борышы бойынша 01 __ __ бастап 01 __ __ қоса алғандағы (_____ ға) алдағы төлемдер

Функ. топ	Кіші !	Мекеме !	Бағ. !	Кіші !	Ерек. !	Атауы !	Жеке !	Импор. !	Валюта
!	функ. !	!	дарла. !	бағ. !	шелік !	!	несие !	тер кәсіп !	!
!	ция !	!	ма !	дар. !	!	келісі. !	орын !	!	!
!	!	!	лама !	!	!	мінің N !	!	!	!
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

та б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы

Төлем күні !	Төлем сомасы !	Төлем !	Оның ішінде (төлем валютасында) !	Ескерту !			
!	!	!	!	!			
!	!	!	!	!			
!	Төлем !	Доллар. !	Теңгемен !	Негізгі !			
!	валют. !	мен !	!	борыш !			
!	с ы н да !	!	!	дар !			
!	!	!	!	төлемдер !			
!	!	!	!	!			
11	12	13	14	15	16	17	18

Мемлекеттік қарыз алу департаментінің директоры _____